



Республикасынан ядролық қарудың" деген сөздер "Ядролық, биологиялық, химиялық және радиологиялық қаруды қоса алғанда, жаппай қырып жоятын қарудың" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3. I-баптың бірінші абзацындағы "ядролық қаруды жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге байланысты әр түрлі мақсаттарға жәрдемдеседі, сонымен бірге:" деген сөздер "жаппай қырып жоятын қарудың және оған байланысты материалдардың, технологиялар мен білімдерді қоса алғанда, бірақ шектеусіз жоюына және таралуына жол бермеуге байланысты әр түрлі мақсаттарға жәрдемдеседі:" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4. I-баптың в. тармағындағы "Қазақстан Республикасында тұрған стратегиялық шабуыл қаруларын жоюға" деген сөздер "Жаппай қырып жоятын қарудың және оған байланысты материалдардың, технологиялар мен білімдердің таралуына жол бермеуге" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5. XII баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: " Мұндай босатулардың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."; ж ә н е

6. XIV бап мынадай редакцияда жазылсын: "Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және жеті жыл бойы күшінде болады. Егер Тараптардың бір де біреуі екінші Тарапты тиісті жеті жылдық кезең аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей оның қолданысын ұзартпау туралы өзінің тілегін жазбаша нысанда хабардар етпесе ол кейінгі жеті жылдық кезеңге өзінен-өзі ұзартылады. Осы Келісім өзінің қолданысын осындай хабарды алғаннан кейін үш айдан соң тоқтатады. Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін. Егер Тараптар өзгеше келіспесе ғана осы Келісімнің немесе атқарушы келісімдердің қолданысын тоқтатуына байланыссыз, осы Келісімнің VI және VII баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттемесі уақытша шеңберлерге қарамастан күшінде болуын жалғастырады."

Осы Түзету қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады, Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметінен оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді және Келісім күшіне енген сәттен бастап қолданылады.

Қойылған қолды куәландырып, төменде қол қойғандар, оған тиісті түрде өздерінің тиісті Үкіметтерінен уәкілеттік алғандар осы Түзетуге қол қойды.

Вашингтон қаласында 2007 жылғы 13 желтоқсанда әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды. Осы Түзетудің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ*  
*ҮШІН*

*АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ*

*ҮШІН*

2007 жылғы 13 желтоқсанда Вашингтонда жасалған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты Келісімге түзетулердің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы            і с т е р                      м и н и с т р л і г і*  
*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ                      д е п а р т а м е н т і н і ң*  
*Б. Пискорский*

*Басқарма бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК